

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 310 (2016), 264 – 273

G.N. Smagulova, E. Sagatbek

al-Farabi Kazakh national university, Almaty city
smagulova.g@mail.ru; ernursagatbek@gmail.com

**PROBLEMS AND PECULIARITIES
OF ARTISTIC SPEECH ORAL DISCOURSE**

Abstract: In article is considered features and problems of artistic speech of an oral discourse. Impact of an oral discourse on development and change of language is great. The main reason is constant use. Thus, oral speech satisfying needs of the environment, carries out the opportunities. In dynamic process there are requirements to oral speech which are absent in a written language. "Readiness" and "unpreparedness" are peculiar also to two sections of oral speech. It is analysed results of the questionnaire, carried out with the purpose to find out the concept of youth about artistic speech, the level of artistic speech in modern society. As decrease the level of artistic speech of Kazakh language, is analyzed ways of improvement of artistic speech.

Keywords: artistic speech, oral speech, purity of language, pragmatist, sender, addressee.

ӘОЖ 811 512 122'42

Г.Н.Смағұлова, Е.Сағатбек

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

**АУЫЗША ДИСКУРСТАҒЫ КӨРКЕМ СӨЙЛЕУДІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аннотация: Мақалада көркем сөйлеудің ауызша дискурстағы ерекшеліктері мен мәселелері сөз етіледі. Тілдің дамып, өзгеріп отыруына ауызша дискурстың әсері күшті. Оның басты себебі: үнемі қолданыста болатындығында. Демек ауызша тіл сыртқы ортаның қажеттілігіне барынша жауап беріп, өз мүмкіндіктерін ықпалда жүзеге асырады. Жазба тілге қарағанда динамикалық үдерістегі ауызша сөйлеуге қойылатын талаптар бар. Ауызша сөйлеудің екі бөлінісіне де «дайындалғандық» және «дайындалмағандық» тән. Бүгінгі қоғамдағы көркем сөйлеу деңгейін, жастардың көркем сөйлеу жайлы түсінігін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижелері талданды. Ауызша дискурста қазақ тілінің көркемдігі азайып бара жатқандықтан, алдағы уақытта оны жетілдірудің жолдары талданды.

Тірек сөздер: көркем сөйлеу, ауызша сөйлеу, тіл тазалығы, прагматика, адресант, адресат.

Әдеби тіл қоғамға екі түрде қызмет етеді: жазбаша және ауызша. Сөйлеудің ауызша және жазбаша түрлері бір-бірімен байланысты болғанымен, екеуінің құрылымы әртүрлі. Ауызша сөйлеу ауаға таралатын дыбыс толқындары болса, ал жазбаша тіл әртүрлі суреттеулермен қағазға түсірілетін таңбалар болып есептеледі. Сондықтан да ауызша сөйлеудегі сөздің мағынасы тікелей есту арқылы, ал жазбаша сөйлеу көзбен көріп қана қабылданады. Жазбаша тіл алдын ала ойластырылған және түзетілген болуы мүмкін.

Ауызша дискурс сөйлеудің жазбаша түрінен адресат мінездемесімен де ерекшеленеді. Жазбаша сөйлеу шартты түрдегі адамдарға арналып жазылғандықтан ақпарат беруші өзінің оқырманын көрмейді, тек оны ойша елестетеді. Ал ауызша тіл, керісінше, адресаттың оқырман емес, тыңдаушы болуын талап етеді. Бұл ретте сөйлеуші мен тыңдаушы бірін-бірі естіп қана қоймайды,

өзара көріп отырады және тыңдаушының ақпаратты қабылдауына байланысты ауызша сөйлеуге өзіндік әсері болады.

Ауызша сөйлеуде айтар ойды барынша жеткізу үшін қосымша дауыс ырғағы, логикалық екпін, айтылу ырғағы мен кідіріс те қызмет етеді. Сөйлеу арқылы сөйлеушінің көңіл-күйі, тіл байлығы, ұлттық-мәдени ерекшелігі, кеңістіктегі орны да көрінеді.

Қазақ тіл білімінде ауызекі сөйлеу ауызша сөйлеу стилінің бір түрі ретінде қарастырылады. Р. Сыздық ауызекі сөйлеу тіліне мынадай анықтама береді: «Ауызекі сөйлеу тілі – екі не одан да көп адамның ауызба-ауыз (жүзбе-жүз, құлақпа-құлақ) отырып сөйлесулері, сөйлеулері. Мұны тұрмыстық тіл (бытовая речь) деуге де болады. Адамдар жүзбе-жүз тілдескенде дыбыстап (ауызекі) сөйлейді, сөйлеседі, ал тілдің бұл көрінісі жазба әдеби машығынан да, оның ауызша қолданысынан да бөлек. Оның лексикалық құрамында да, морфологиялық, әсіресе синтаксистік жүйесінде де әдеби тілдің жазба түрінен де, ауызша түрінен де бөлек ерекше қолданыстар көрініс табады дей келе, «ауызша сөздің өзі екі түрлі болады: бірі – адамдардың күнделікті тұрмыста бетпе-бет («ауызба-ауыз») сөйлесу актісінде жүзеге асатыны, екіншісі – топ алдында сөйлейтіндері (алқасөз)» деп екіге бөледі. [1,18-19].

Тілдің дамып, өзгеріп отыруына ауызша дискурстың әсері күшті. Оның басты себебі: үнемі қолданыста (динамикада) болатындығында. Демек ауызша тіл сыртқы ортаның қажеттілігіне барынша жауап беріп, өз мүмкіндіктерін ылғи да жүзеге асырады.

З. Ерназарова «ауызша сөзді (сөйлеу тілі) дайындықсыздық, тездік белгілеріне қарай шартты түрде *ауызекі сөйлеу тілі және көсем сөз бен ғылыми сөз* деп бөлген дұрыс» дейді [2,8].

Әдеби нормаға сай келу, келмеуіне байланысты ауызша сөйлеудің әдеби норманы ұстанған, яғни тілдік норманы сақтап сөйлеу түрі және ауызекі немесе қарапайым, еркін сөйлеу дағдысы бар түрлері бар.

Ауызша сөйлеудің осы екі түріне де «дайындалғандық» және «дайындалмағандық» тән. «Дайындалмаған» сөйлеу күнделікті тұрмыста табан асты, тосыннан болған «ауызекі сөйлесу немесе әңгімелесу», ал «дайындалғанның» алдын ала құрылымы ұйымдастырылып жүйеленген (әдеби нормаланған), белгілі бір аудиторияға арналғаны аңғарылып тұрады. Сонымен қатар, ауызекі сөйлеу еркіндікке және бейресми сипатқа құрылады.

Топ алдында сөйленетін сөздер әлеуметтік мүддені көздеп, біршама ресми сипатқа ие болады, сондай-ақ, белгіленген адресаттарға арналады. Олар: дәріс тыңдаушы студенттер, оқушылар, телерадио ақпараттарының көрермені мен тыңдарманы, үгіт-насихатшылардың таңдап алған топ мүшелері немесе салтанатты жиындар не торқалы той, топырақты өлімге жиылған халық болуы да мүмкін.

Р. Сыздық бүгінгі ауызша тілдің қай-қайсысы да үлкенді-кішілі алқа топ алдында айтылатын сөздерде орын алатынын айта келе, қазіргі қазақ, орыс т.б. тіл білімдеріндегі ауызша тілдің мазмұнына, көздейтін мақсаттарына (уәждері), екі (көп) жақты қатысушыларына қарай бөлінісін көрсетеді:

- а) әлеуметтік-саяси мазмұнды сөздер;
- ә) академиялық, яғни білім-ғылым мазмұнды сөздер;
- б) заң-сот істеріне қатысты мазмұндағы сөздер;
- в) әлеуметтік тұрмысқа қатысты мазмұндағы сөздер;
- г) діни қызметте айтылатын сөздер (уағыздар, түсіндірулер, баталар т.б)

Автор осы аталған бөліністің ішінде қазақ мәдениетінің күнделікті көрінісінде ең көп қолданылатыны әлеуметтік-тұрмыстық алқасөздер десек, мұның өзін екіге:

- Үлкенді-кішілі мерейтойларда, көпшілік жиналған қабір басында, дүние салған адамның қырқы, жылы сияқты рәсімдерде айтылатын аза сөздер мен көңіл айту, еске алу сияқты сөздер;
- Белгілі бір әлеуметтік маңызы бар оқиғаларға қатысты жайылған үлкен дастархан басында айтылатын сөздер жатады [1,194-195].

Мысалы: *Ал енді құрметті жаңа құда-құдағилар, ескі құда-құдағилар, тойға жиылған қауым, Әсел мен Саматтың достары, жолдастары, қош келіңіздер! Бүгін Әсел мен Самат екеуі үйдің ішінен үй тігіп отыр, босағалары берік, шаңырақтары биік болсын! Үбірлі-шүбірлі болсын! Бүгін Әспет: «Қыз мұраты – кету, арманына жету» - деп қызын ұзатып жатыр. Құтты болсын!*

Мысалға алынып отырған ұзату тойдағы тілектен ауызша әдеби сөйлеу үлгісі көрінеді. Яғни алдын ала дайындалған, *жаңағы, осы, йә, жалпы, яғни* немесе *и, вот, как, уже, даже, обшем* сияқты паразит сөздер қосылмаған және белгілі бір дәрежеде көркемдік тәсілдер арқылы берілетін эстетикалық әсері бар.

Ауызша сөйлеудің қызметін қазақ тілінің функционалдық стильдерінің бәрінде кездеседі деуге болады. Сондықтан көптеген зерттеушілер ауызша сөйлеуді мынадай құрылымдық топтарға бөліп қарастырады:

- ғылыми ауызша сөйлеу;
- публицистикалық ауызша сөйлеу;
- ресми-іскери қатынастағы ауызша сөйлеудің түрлері,
- әдеби сөйлеу;
- күнделікті сөйлеу.

Әдеби тілдің ауызша-жазбаша болып бөлінетіні секілді ауызша дамыған әдеби сөйлеудің бір түрі алқасөз де ауызша және жазбаша болып бөлінеді. «Ауызша айтылатын алқасөзде автоматизм мен еркіндік басым болса, оқылатын (жазбаша) сөзде әдеби тілдің дағдылы нормалары: стандарттық, стереотиптік (тұрақты клишелер, фразеологиялық шаблондар) сияқты белгілер басым болып келеді». [1,194-195].

Осыған дейінгі зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, қазақтың ауызша әдеби тілінің біршама нормаға жақындауына соңғы 70-80 жылдың ішінде оқу-ағарту ісіндегі іргелі қадамдар, БАҚ түрлерінің қызметі азды-көпті ықпал жасады деуге болады. Осы ретте, алқасөз бен тұрмыстық тіл бір-бірімен тығыз байланысты және үнемі бір-біріне әсер етіп отыратыны аңғарылады.

Кейбір ауызша әдеби тілі кемелденген елдерде тұрмыстық сөйлеудің өзі әдеби сипатқа ауысқан. Бұл қазақ қоғамында әлі де байқала бермейді. Алқатоп алдында сөйлеп машықтанған адамның ауызекі сөйлеуі де әдеби нормаға жақындайды. Дегенмен қазіргі кезде қазақтың алқатоп алдында сөйлеушілері мен зиялыларының да ауызекі сөйлеу тілінен әдеби сипат жиі көріне бермейді (бұл арада жазушы, журналист, әлеуметтік топтардағы кейбір лауазымды адамдарды айтпағанда) Өйткені қыстырма-паразит сөздер мен диалектілік көріністер, тілде баламасы бар сөздер мен сөз тіркестерінің орысша атауы (интертерминдерді есептегенде) ауызекі сөйлеуде көп кездесіп жатады.

Ендігі жерде қазақтың ауызша дамыған әдеби тілдің ауызекі сөйлеу тілінде орнығуына алқатоп алдында сөйлейтін тұлғалар себеп болуы мүмкін.

Қазақ тілінің сөздік құрамы соншалықты бай бола тұра, бүгінде қазақтың тұрмыстық сөйлеуінде интертерминдер мен орысша қыстырма-паразиттер жиі қолданылады. Мысалға жастар тіліндегі *«тема»* деген сөзді алсақ, осы сөзге балама болатын біршама сөздер мен тіркестер бар: *күшті, керемет, мықты, жақсы, тамаша, адам айтқысыз, көргеннің көзі тоярдай т.б.* Ана тілімізде осыншама баламасы бар бола тұра ауызекі сөйлеуде осы сөз актив қолданылатыны көркем сөйлеудің құтын қашырады.

Ауызша сөйлеу дегеніміз – «қарым-қатынас жасаушылардың тікелей байланысы кезінде атқарылатын бейресми, мәжбүрлесіз (яғни еркіндік), жеке бағытталған қатынастың жүйесі, яғни ауызша түрдегі және белгілі бір жағдайдағы қатынас [3,34] екенін еске алсақ, ауызекі сөйлеу тілінде паргматикалық факторлардың ықпалы анық, айқын көрініс табады.

Сонымен, қарастырып отырған көркем сөйлеудің алғашқы алғышарты – әдеби тілде сөйлеу. Яғни ол алқасөз болсын, тіпті тұрмыстық тіл қатысу болсын, интертерминдерді қоспағанда, диалектілер, ішкі-сыртқы паразит элементтер, басқа тілдің сөздерін араластырмау сөйлеудегі көркемдіктің алғашқы баспалдағы бола алады.

Мағжанша айтсақ, адамдардың ішкі жан дүниесіндегі толғаныстарды жеткізудің негізгі құралы, сонымен қатар, ойдың тілі – сөз болса, ал Ахметше көңіл түкпіріндегі өзгерістерді, құбылыстарды жай тілмен емес, көркем, қисыны келіскен сөзбен кестелеп, жүйелеп жеткізу әр азамат үшін парыз болмақ.

«Сөз феноменінің өзіне тән ерекше бір қасиеті – оның тіліміздегі басқа сөздермен тіркесе келе, Адам баласының жалпы сөйлеу процесіне қатысты іс-әрекет, қимыл-қозғалыстары мен басқа да сан алуан ұғым-түсініктерді бейнелі де көркем, барша нақыш бояуымен суреттеп беруінде» – дейді Ә.Қайдар [4,598]. Осы пікірдегі *бейнелі де көркем, барша нақыш бояумен суреттеу* дегеніміз – аз сөздегі мағына мен әсер, ойдың бейнелілігі және айтушы мен тыңдаушының сөздік қорының молдығы.

Сөздік қордың молдығы сөйлеудегі жаттандылықтың болмауына әсер етеді. Күнделікті қолданыста құлаққа жауыр болған сөздер бірте-бірте шаблонға айналып, сөйлеу әрекетінде адресаттың эмоциясына әсер етпейді, тіпті тыңдаушыны жалықтыруы да мүмкін. Тілдік қатынас кезінде сөздің жұтандығы ойдың жұтандығына алып келеді. Қазіргі технологиялық заманда жастар интеллектісін соншалықты төмен деуге болмайды. Олардың интеллектуалдық мүмкіндігі жан-жақты. Амал не, тек ана тіліндегі сөздік қордың аздығы ой жұтандығын аңғартады.

Ал тіл тазалығына келер болсақ, сөйлеудегі паразит, былапыт сөздерден бөлек шеттілін араластыра сөйлеу де сөздің көркемдік шырайын бүлдірері анық.

Сөйлеу көркемдікке бағытталса, әңгіменің тиімділігі күшейеді. Сонымен қатар, адамның ойына ғана емес, елестету қабілетіне, эмоциясына әсер етіп, әңгімеге деген қызығушылығын арттырады. Және тез түсінуге, жақсы қабылдауға, есте ұзақ сақтауға ықпал етеді әрі эстетикалық ләззат береді.

Адресант сөзді өзгелер үшін айтады, бірақ өз алдына белгілі бір мақсат қояды. Ал көркем сөйлеп, ойды айшықты, бейнелі тілмен жеткізгенде айтушының бірінші мақсаты тыңдаушының ықыласын аударып, өз сөзіне ұйыту болмақ. Қажет болған жағдайда, екінші қадам ретінде сөздің күші арқылы дегеніне сендіреді немесе белгілі бір келісім орнатады.

Жазушы Ғ. Мұстафин сөздің әсері туралы «Әсердің өзі әрқилы болады. Бір әсер – өмір бойы ойыңнан кетпейді, бір әсер сол арада қалып қояды» деген. Сөздің тыңдаушыға әсерлі болуына сөздік қордың молдығы, тілдің тазалығы, көркем сөйлеу, тіл түсініктілігі мен дәлдігі, сөз дұрыстығы мен сәтті айтылуы секілді сөйлеу амалдарының барлығы да бірлесе отырып септігін тигізеді. Осы аталған ұғымдардың ішінде көркем сөйлеудің маңызы зор.

Сөйлеуші сөзді қалай болса солай қолданбайды. Ол тілдің синтаксистік, лексико-композициялық және лексико-фразеологиялық жағын бақылайды, сонымен қатар тақырыбының логикалық жағынан байланыста болуын да қадағалайды. Осындағы лексико-фразеологиялық бақылау сөйлеушінің көркем сөйлеуіне негіз болады.

«Көркем сөйлеу» деген ұғым қазақтың танымындағы «сөз саптау» ұғымымен пара-пар келеді. Ал сөйлеуші тілінің көркемдігіне бас ию сөз құдіреті арқылы келісу немесе көндігу «сөзге тоқтау» деп аталады. Осыған қарап көркем сөйлеуді қазақ халқы ежелден коммуникативтік стратегияның бір қыры деп танығанын аңғарамыз.

Ғалымдар жоғары жүйке қызметінің екі түрі болатынын дәлелдеген: көркемдік және ойлай білу. Сөйлеушіде осы екеуінің бірі басым не тең болуы мүмкін. Көркем сөйлей білгенмен, сөзді ой елегінен өткізбесе, сөз тартымсыз болуы мүмкін. «...Ойын жеткізуде адам өзіне керек ақпаратты тіл деп аталатын қазынадан алады. Оның ішінен адам өзіне қажеттісін талғап, таңдап алады, байланыстылық пен тұтастыққа негіздеп, сөйлем құрап шығарады. Демек, осы айтылған тіл мен сөйлеу өзара тығыз байланыста өмір сүреді. Бір-біріңіз қатынасқа түсуі мүмкін емес» [5,18].

Ойдың сөз болып сыртқа шығуының көрікті немесе көріксіз болуына тіл алғышарт болады. Дегенмен сөздің көркем болмағы сол ойдың өзінен бастау алатынын жоққа шығара алмаймыз. Адамзаттың сөйлесу тәжірибесінде сөйлеушінің сөзіне қарап оның ой-өрісін, жалпы білім деңгейін аңғару бұрыннан бар. Қазақ «қойнынан бөзі түсіп, аузынан сөзі түсіп» деп сөзге шорқақ адамды атаса, «қызыл тілден май тамызған» деп көркем сөйлеудің қас шеберлерін атаған.

Сонымен қатар, орынды, көркем сөйлеу, сөз құдыреті хақында «Ат жүйрігі асқа, тіл жүйрігі басқа», «Артық тұз асқа залал, артық сөз басқа залал», «Адам тілінен жазалы, мал мүйізінен

жазалы», «Орынды сөз жүрекке қуат», «Адам сөзге, мал жемге тоқтар», «Алмас қылыш –майданда серік, Асыл сөз – майданда да, сайранда да серік», «Аталы сөзді арсыз қайырады», «Ботаның көркі –көзі, Адамның көркі –сөзі», «Тіл – ерді қабірге салады, нарды қазанға салады» деген. Осыдан байқайтынымыз: қазақта сөйлеу актісінің негіздері ешбір теориясыз-ақ мақал-мәтелдермен берілген. Мақалдардың астарынан артық сөзден аулақ болу, сол арқылы ынтымақтастықта қалу, көркем сөйлеп, орынды сөйлеп ымыраға келу секілді принциптер байқалады.

Өткен тарихымызға көз жүгіртетін болсақ, қазақтардың ауызша сөйлеуінің құнары күшті болған. Би-шешендердің айтқан сөздері, басында окказионал болып, кейіннен халыққа сіңіп кеткен фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер де еркіндік пен бейресми сипаттағы ауызша сөйлеу үстінде пайда болған. Осыдан бір жарым ғасыр бұрын қазақ жерінде болған орыс саяхатшылары қазақтардың сөйлеуіндегі көркемдікті былай мойындағын: В. Радлов: «Қазақтар нақысты сөйлеуді бар өнердің алды деп біледі, сондықтан олардың поэзиясы дамудың жоғары сатысына жеткен», - десе, А. Брем: «Қазақтар сөз өнеріне жетік келеді. Бұл жұрттың бәріне: оқыған адамдарға да, әліпті таяқ деп білмейтіндерге де, байға да, жарлыға да тән қасиет», - деген.

Ахмет Байтұрсынов «сөздің дұрыс, анық дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады. Сол сияқты өң берілген сөздер көрнекі делінеді. Тіл көрнекі болуы үшін дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана саңылауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керек» дейді [6,353]. Бұл ғалымның «тіл көрнектілігіне» қатысты айтқан пікірі. Яғни біздің «көркем сөйлеу» атты зерттеуіміздің бастауы Аханның еңбектерінде жатқандығын аңғарамыз. Бертін келе, Р.Сыздықова Н.Уәли сөз мәдениетіне қатысты еңбектерінде «көркем сөйлеуді» «көркем сөз» деп береді. Ал біз осы аталған нұсқаларды іріктей келе сөйлеудің коммуникациядағы көркемдігіне жалпылама атау етіп «көркем сөйлеу» (художественный речь) деп алып отырмыз. Себебі, «речь» терминін «сөз» емес, динамикалық құбылыс – «сөйлеу» деп алғанымыз дұрыс болар дедік.

А.Байтұрсынов айтқан «тіл көрнектілігінің» «айшықты сөйлеу», «бейнелі сөйлеу», «көркем сөйлеу» т.б. секілді нұсқалардың ішінде соңғы жылдары «көркем сөйлеу» тіркесінің қолданысы жиілеп, актив қолданысқа ауысып бара жатқаны байқалады.

Көркем сөйлеу теориясы үшін А.Байтұрсыновтың жазбалары өте маңызды. Ғалым «сөздің асылдығы ұнауымен. Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, мағына жағының күштілігімен жағады. Әуез әдемілігі сөзді дыбыс жағынан тәртіптеп, үйлестіріп түзуден болады. Күштілігі сөздің қалыпты мағынасының үстіне қосатын әдістерді істеуден болады» деген [7,208].

Н. Уәли «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» атты диссертациясының «Көркем сөз мәдениеті және прагматика» деген тараушасында көркем сөйлеуді ауызша және жазбаша деп бастағанымен, ауызша сөйлеудегі қырына баса назар аудармайды [8].

Осы жерде баса айтатын мәселе: ауызша дискурстағы көркем сөйлеудің ерекшеліктері осыған дейінгі зерттеулердегідей көркем әдебиеттегі мәтін мен диалогқа немесе шешендік сөздерге арналмайды. Көркем сөйлеудегі мәселе күнделікті өмірдегі қарапайым коммуникациялар мен алқасөздерге бағытталады.

Сөйлеуші (айтушы) өз сөзін бейнелі, әсерлі етіп шығару үшін көркемдік тәсілдерді, тілдің бейнелеу және көріктеу құралдарын, яғни троптар мен фигуралар, мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестер мен қанатты сөздерді қолдану ләзім.

Кез-келген тілдің «тірілігі» том-том кітаппен ғана емес, ауызша сөйлеудегі қолданысымен көрсетіледі. Сол секілді әдеби тілдің дамуына қоғаммен бірге жасап келе жетқан, үздіксіз қолданыста болатын ауызекі сөйлеу тілі мен баспасөз тілінің ықпалын да ескеру керек. Ал ауызша сөйлеудің кешенді қырының бірі - көркем сөйлеу. Халықтың болмысына, танымына сәйкес көркем сөйлеуі бар тіл тірі тілдердің қатарында ғана болуы тиіс. Себебі көркемдіктің өзі тілдің өне бойында созылып, өткен мен бүгінді байланыстырушы құбылыс. Сөздің эстетикалық сұлулығы халықтың ғасырлар бойғы жиған-тергені, көрген білгені нәтижесінде қалыптасады. Сондықтан, біз оны танымдық әрекет ретінде қарастырамыз.

Тілді танымдық тұрғыда қарастыру тіл иесінің тілді қолданыстағы сәтін зерттеуге бағыттталып келеді. Күнделікті ауызекі сөйлеу сөйлеудің барлық құрылымдық түрлеріне әсер етеді. Осы арқылы тыңдаушыны өзіне тарту мақсатында адерсанттың «ішкі менін» көрсетуі байқалады. Сол

себептен эмоционалды-экспрессивті лексика, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, сондай-ақ, қарапайым тілдің элементтері қолданыла береді.

Осы ретте «Біз күнделікті сөйлеуде көркем сөйлейміз бе? (алқасөзді есептегенде)» деген сұрақ туады. Уақыттың талабына сәйкес әр ғасырдың өзіндік ерекшелігі болады. Бүгінгі кезең жаһандануға байланысты қарым-қатынастың өзгерген уақыты. Компьютерлік технологияның дамуына байланысты жылдам байланыс, қысқаша сөйлеу, тез ақпарат беру қарқыны күшейіп келеді. Ендеше дәл қазіргі уақыттағы тілдің көркемдік деңгейін зеттеу, өткен уақытпен салыстыру, болашаққа бүгіннің нәтижесін көрсету қашан да маңызды болмақ. Осыған байланысты дәл бүгінгі қоғамдағы көркем сөйлеу деңгейін, жастардың көркем сөйлеу жайлы түсінігін анықтау мақсатында massaget.kz сайтында сауалнама жүргізілді.[9, http://vk.com/massaget_kz]. Ендігі кезекте сол сауалнаманың нәтижесіне назар аударсақ:

1. Күнделікті қарым-қатынаста (ауызекі сөйлеуде) көркем сөйлеу қажет деп ойлайсыз ба?

Иә, қажет. Себебі...	249	78.3%
Жоқ, қажет емес. Себебі...	34	10.7%
Білмеймін	28	8.8%
Басқа жауап	7	2.2%
Қатысушылар саны: 318		

Бұл сұраққа жауап берушілер тарапынан бірнеше пікір білдірілді. Олардың басым бөлігі «көркем сөйлеу қажет, ол – өнер» деп бағалаған. Сонымен қатар көркем сөйлеудің адамдар арасындағы жақсы қарым-қатынас орнатуға септігін тигізетінін айтқан. Сұраққа қатысты білдірілген пікірлер мен жоғары дәрежеде қолдауға ие болған бұл жауаптан аңғаратынымыз: жастардың көркем сөйлеудегі үлес салмағы жоғары болмаса да, көркем сөйлеуді коммуникацияның үздік қыры екенін жоққа шығармайтыны.

Сауалнамаға қатысушылар көркем сөйлеуді қажет деп көрсеткенімен, келесі сұрақта өзін көркем сөйлеушілер қатарына жатқызатындардың үлес салмағы **33.9%** ғана көрсеткен.

2. Сіз көркем сөйлейсізбе?

Иә	118	33.9%
Жоқ	26	7.5%
Кейде	151	43.4%
Білмеймін	53	15.2%
Қатысушылар саны: 348		

43.4% қатысушы өзін кейде ғана көркем сөйлеушілердің қатарына жатқызғанымен, жастар арасында көркем сөйлеуге деген ұмтылыс, қызығушылық бар екені аңғарылды. Дегенмен көркем сөйлесеңіз кейбір адамдар оғаш көзқарас танытатыны да айтылған. Бұның бір себебі – коммуниканттардың тұрмыстық лексикадан аса алмауы. Осыдан барып көркем сөйлеушілерді түсінбеу немесе қабылдай алмауға әкеп соғады.

3. Ауызекі сөйлеудегі көркемдік деңгейіңіз қандай деп ойлайсыз?

Жоғары	78	25.9%
Орташа	167	55.5%
Төмен	30	10%
Білмеймін	26	8.6%
Қатысушылар саны: 301		

Берілген сұраққа жауап берушілердің жартысынан астамы көркем сөйлеудегі деңгейін орташа деп бағалаған. Сондай-ақ қазақтың табиғатына сай өз-өзіне жоғары баға беруді, өзін мақтауды әбес санайтындықтарын айтып, пікір қалдырған. Соған қарап, бұл сұрақтан күтілетін нәтиженің нақты емес екенін аңғарамыз.

4. Көркем сөйлеудегі адресанттың мақсаты қандай деп ойлайсыз?

Сырт көзге жақсы көріну	51	15.4%
Көркем сөйлеу арқылы нәтижеге жету	230	69.3%
Ешқандай мақсат болмайды	32	9.6%
Білмеймін	19	5.7%
Қатысушылар саны: 332		

Соңғы сұрақ бойынша, сауалнамаға қатысушылар сыпайы сөйлеу мен көркем сөйлеуді шатастыратыны аңғарылды. Бұлар шектес ұғымдар болғанымен, сөйлеудің (речь) әр түрлі қыры болып табылады. Негізінен көркем сөйлеуге бағалауыштық пен эмоционалдық тән.

Сыпайы сөйлеуді түсіндіру үшін З. Ерназарованың мына пікірін алайық: «Сөйлеуші мақсаты ашық не жасырын түрде беріледі. Сөйлесімдердің коммуникативті мақсатты орындауы ортақ прессупозицияға, логикалық байланыстардың орнауына негізделеді. Соған қарай сөйлесімдерді тура және жанама, астарлама мәнді түрлерге бөлуге болады. Тура мәнді сөйлесімдердің мазмұндық-құрылымдық берілуі мен прагматикалық мақсаты арасында толық сәйкестік болса, жанама, астарлама мәнді сөйлесімдерде бұндай сәйкестік болмайды. Оның қалыптасуында қарым-қатынастың ынтымақтастық принципін сақтау, сыпайылықты бұзбау сияқты ұлттық дүниетанымға тән ерекшеліктер жатыр» [2,8].

Яғни сөйлеушінің дөрекі, бейтарап, сыпайы сөйлеуі де сөйлеу мақсатына тікелей байланысты. Сөйлеуші осы сөйлеу формалардың қайсысын да көркемдеп жеткізуі мүмкін. «Бастысы дөрекі мен бейтарап сөйлеуге тура мән, сыпайы сөйлеуге жанама, астарлама мән тән. Ақиқаттағы белгілі бір объектіні қандай сөзбен (ұнамды, ұнамсыз, жағымды, жағымсыз) атауы автордың (адресант) сол затқа, құбылысқа деген қатысын, көзқарасын білдіреді. Сөз сараптаушының коммуникативтік стратегиясы бойынша автордың осы көзқарасын, ой-сезімін адресат қабылдауға, онымен бөлісуге тиіс». [2,8].

Сондай-ақ, сауалнама бойынша көркем сөйлеудегі негізгі мақсат адресанттың прагматикасын орындауы ғана емес, адресатты сыйлауы, өзін-өзі сыйлауы деп көрсеткен жауаптар да кездеседі. Дұрыс таңдалған тақырып пен екі жақты ниет болса, көркемдеп сөйлеумен көп нәтижеге жетуі

мүмкін. Тіпті әңгімеге деген екінші тараптың ниетін бірінші тараптағы кісі көркем сөйлеуімен өзі тудыруға да болады.

Қазақ танымында қыздың сұлулығын, сымбатын сипаттайтын мынадай бейнелі тіркестер бар:

Адам айтқысыз [айтып болмас]
 Адамнан асқан сұлу
 Айдай аузы, күндей көзі бар
 Алтын асықтай
 Атқан таңдай
 Ауызға үріп салғандай
 Ауызбен айтып жеткізе алмау
 Жаңа туған ай <-дай> секілді
 Жаяу жатып, атты түсіп қарағандай
 Келбетті келген
 Киіктің асығындай [лағындай]
 Қараса көз [жан] тоймау
 Қаса сұлу
 Құланның құлынындай
 Құлын мүшесі бұзылмаған
 Қырдың қызыл гүліндей
 Қырмызыдай ажарлы
 Оймақ ауыз
 Он төртінде туған айдай
 Сағағынан үзілген
 Сүмбіледей әдемі
 Тілмен [ауызбен] айтып жеткізе алмау
 Үріп ауызға салғандай
 Хордың қызындай [10,134-135].

Соған қарамастан жастар тілінде «*фигурасы ат*», «*фигурасы гитара, домбыра*», «*90x60x90*» деген қыз мүсінін сипаттайтын тіркес кездеседі. Қазақтар сұлулықты бір ғана мүсінмен емес, бейненің әрбір элементі арқылы бағалаған. Зерттеуші Ақселеу Сейдімбек: «Қазақ фольклорында әйелдің мықынынан жоғары қарай суреттелуінде терең мән бар», – дейді [11, 270]. Бұдан біз бүгінде сұлулықты сипаттау ұлттық танымнан алыстап, анайылық сипат алып бара жатқандығын аңғарамыз.

Қазақта қыз мүсінін «ат» сөзімен қатысты сипаттайтын «*ерттеулі аттай*» деген теңеу болған. Сонымен қатар, «*құлын мүшелі – денесі сымбатты, сұлу*», «*құлын мүшесі бұзылмаған – уыздай жас, балғын*» Қазақ әдеби тілінің сөздігінде бар. [12,317-318]. Дегенмен бұл бейнелі тіркес «*фигурасы ат*» деген қолданыстың ұғымымен бірдей емес, бұған қарағанда әлдеқайда сыпайы және қазақтың ұлттық танымына сәйкес.

Бүгінгі күні ана тілімізде жазылған кітапты аударма арқылы ғана түсінетін жастардың үлес салмағы артқан. Яғни тұрмыстық лексикадан аспаған тұлға өз тіліндегі көркем шығарманы түсінуге қабілетсіз келеді.

Көркем әдебиетті бірінші орыс тілінде оқып, содан кейін ғана қазақшасын оқудың бір себебі: күнделікті қарым-қатынаста көркемдік амалдарды орыс тілінде айту немесе аралас қолданып, жылдам әрі қысқа айтуға ұмтылу болып табылады. Мысалға бірнеше фразеологизмдерді алайық:

зығырданы қайнау
қаны басына шабу → *крышасы ашылу*

битін сығып қанын жалау → *поражняк*

екі иығы қақпақтай
денесі тығыршықтай → *пашка*

<i>иығы жар бермеу</i> <i>жүйкесі жәун болу</i>	→	<i>желание жоқ</i>
<i>адам айтқысыз</i> <i>көргеннің көзі тоярдай</i>	→	<i>тема</i>
<i>місе тұтпау</i>	→	<i>признавать емпеу</i>

Бұл арада фразеологиялық мағына тұтастай орыс тілінде айтылып тұр.

Қорыта келгенде, тілімізде өткен ғасырлардағыдай жаңа мақал-мәтел, фразеологиялық ой, тыңнан көркемік әдістерауыздын ауызға таралып жатқан жоқ. Ал қазіргі кезде тыңнан тіркес тудыру түгіл қазақ тілінің бай сөздік қорын емін-еркін қолдануға қабілетсіз болып барады. Жастардың тілінде көркем сөйлеу деңгейі жылдан жылға төмендеп бара жатқаны байқалады. Қоғамдағы көркем сөйлеу деңгейін анықтау барысында жүргізілген сауалнама бойынша коммуникациядағы көркемдіктің әлсіреуі, төмендеуінің себептері анықталды. Олар:

- тұрмыстық лексикадан аспау;
- көркем әдебиет оқымау;
- БАҚ құралдарына көркемдік қуатының аздығының әсер етуі;
- әлеуметтік желідегі түрлі қысқартулар, үнемдеу (мысалы, эмоцияны эмотикенмен беру);
- орыс тілінде сөйлеуге құмарлық;
- көркем сөйлеуден ыңғайсыздану;
- көркем сөйлеуді көненің сарқыншағына балау, т.б.

Сонымен қатар, бүгінгі күні ана тілімізде жазылған кітапты аударма арқылы ғана түсінетін жастардың үлес салмағы артқан. Яғни тұрмыстық лексикадан аспаған тұлға өз тіліндегі көркем шығарманы түсінуге қабілетсіз келеді.

Уақыт өткен сайын, буыннан буынға ауысқан сайын ана тіліміздің көркемдігі құнарсызданып бара жатыр. Оның бірнеше себептері жоғарыда көрсетілді. Ендігі жерде дәл осы қоғамда өмір сүріп жатқан ұрпақтың көркем сөйлеуге деген құлшынысын ояту керек. Оның іргетасы бала-бақша мен мектептен қаланғаны абзал.

Бұл рухани қауіптің алдын алу үшін АҚШ-тағыдай гуманитарлық пәндер арасында риториканы ерекше оқытуымыз керек. Бүгінде америкалық риторика қоғамдық сананы жаулаудың ең белсенді құралы десе, жапондықтар тілдік қарым-қатынасты жақсарту қоғамның дамуына маңызды деп сенеді. Жас ұрпаққа көркем сөйлеуді оқыту өткен ғасырлардағы би-шешендердің сөздерін оқып, түсінгенін сұрауға емес, күнделікті коммуникацияда көркем сөйлеуге тәжірибе жүзінде машықтануға бағытталуы тиіс.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Сыздық Р. Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014. – 242 бет.
- [2] Ерназарова З. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Алматы, 2001. – 244 б.
- [3] Сиротинина О.Б. Современная разговорная речь и ее особенности. – М.: Просвещение, 1974. – 144 с.
- [4] Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. (Этнолингвистикалық сөздік). I том. Адам. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 780 бет.
- [5] Смағұлова Г., Күркебаев К., Жұмағұлова Ә. Шешендік сөздердің дискурсы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 167 б.
- [6] Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- [7] Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 305 б.
- [8] Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Алматы, 2007. – 336 б.
- [9] http://vk.com/massaget_kz
- [10] Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2010 жыл. – 252 бет.

- [11] Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. – Алматы: «Санат» 1997. – 464 бет.
[12] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 10 том. – Алматы: Арыс, 2010. -750 б.

REFERENCES

- [1] Syzdyk R. Auyzsha qazaq adebi tili. Almaty: Daik-Press, 2014. 242 b.
[2] Ernazarova Z. Qazaq soileu tili sintaksistik birlikterinin pragmatikalыk negizderi. Filologia gylymdarynyn doktorygylymi darezhesin alu ushin daiyndagan dissertasiа. Almaty, 2001. 244b.
[3] Sirotinina O.B. Sovremennaiа razgovornaia resh' i ee osobennosti. M.: Prosvrshenie, 1974. 144 s.
[4] Kaydar A. Qazaqtar ana tili aleminde. (Etnolingvystikalыq sozdik). I tom. Adam. Almaty: Daik-Press, 2009. 780 b.
[5] Smagulova G., Kurkebaev K., Jumagulova A. Sheshendik sozderdin discuorsi. Almaty: Qazaq universyteti, 2012. 176 b.
[6] Baitursynov A. Aqzhol: Olender men tarzhimeler, publ. Makalalar zhane adebi zertteu / Kurast. R. Nurgaliev. Almaty: Zhalyн, 1991. 464 b.
[7] Baitursynuly A. Shygarmalary. Almaty: Zhazushy, 1989. 305 b.
[8] Uali N. Qazaq soz madenietinin teorialыk negizderi. Filologia gylymdarynyn doktory gylymi darezhesin alu ushin daiyndagan dissertasiа. Almaty, 2007. 336 b.
[9] http://vk.com/massaget_kz
[10] Smagulova G. Magynalas frazeologizmder sozdigi. Almaty: «Eltanym» baspasy, 2010 zhyl. 252 b.
[11] Seydimbek A. Qazaq alemi. Etnomadeni payimdau. Oqu qurali. Almaty, «Sanat», 1997. 464 b.
[12] Kazak adebi tilinin sozdigi. 10-tom. Almaty: Arys, 2010. -750 b..

Г.Н. Смагулова, Е. Сағатбек

ПРОБЛЕМЫ И ОСОБЕННОСТИ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ РЕЧИ УСТНОГО ДИСКУРСА

Аннотация: В статье рассматриваются особенности и проблемы художественной речи устного дискурса. Устный дискурс оказывает влияние на развитие и изменение языка. Главной причиной является - постоянное употребление. Таким образом, устная речь удовлетворяя потребности окружающей среды, осуществляет свои возможности. В динамическом процессе есть требования к устной речи, которые отсутствуют в письменном языке. «Подготовленность» и «неподготовленность» свойственно и к двум разделам устной речи. Проанализировано результаты анкеты, проведенная с целью выяснить понятие молодежи о художественной речи и уровень художественной речи в современном обществе. Снижение уровня художественной речи определяет изменение в казахском языке, которое является предметом исследования в настоящей статье.

Ключевые слова: художественная речь, устная речь, чистота языка, прагматика, адресант, адресат.